

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ибрагимов А. Медиация как способ разрешения коммерческих споров / А. Ибрагимов // Судебная защита прав инвесторов: сборник научных статей, 2010. – С. 143.
2. Сулейменова М.К. Медиация в Казахстане: современное состояние и перспективы развития / М.К. Сулейменова // Ежемесячный журнал «Юрист». – 2009. – №12. – С. 12-19.
3. Давыденко Д.Л. Примириительные процедуры / Д.Л. Давыденко // Издательство: Инфотропик, 2013.
4. Рекомендация касательно медиации в семейных вопросах: Рекомендация Комитета Министров Совета Европы государствам-членам, 2 янв. 1998 г., №R(98)1 // Відновне правосуддя [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.rj.org.ua/node/87>. – Дата доступа: 15.05.2010.
5. Лисицин В.В. Медиация – универсальный способ урегулирования коммерческих споров в России: Научный очерк: история и современность / В.В. Лисицин. – М.: МАКС Пресс, 2009. – 136 с.

## REFERENCES

1. Ibragimov A., *Mediacija kak sposob razreshenija kommercheskih sporov. Sudebnaja zashhita prav investorov, sbornik nauchnyh statej*. 2010, 143 (in Russ).
2. Sulejmenova M.K., *Mediacija v Kazahstane, sovremennoe sostojanie i perspektivy razvitija. Ezhemesjachnyj zhurnal, Jurist*. 2009, 12, 12-19 (in Russ).
3. Davydenko D.L., *Primiritel'nye procedury. Infotropik*, 2013 (in Russ).
4. *Rekomendacija kasatel'no mediaciji v semejnyh voprosah, Rekomendacija Komiteta Ministrov Soveta Evropy gosudarstvam-chlenam, 2 janv. 1998, R, 98, 1. Vidnovne pravosud-dja. Rezhim dostupa: http://www.rj.org.ua/node/87. Data dostupa: 15.05.2010* (in Russ).
5. Lisicin V.V., *Mediacija universal'nyj sposob uregulirovanija ommercheskih sporov v Rossii. Nauchnyj ocherk. istorija i sovremennost'*. V.V. Lisicin, M. MAKS Press, 2009, 136 (in Russ).

ӘОЖ 811.512.122

## К.К. ЕҢСЕБАЕВА, Ж.К. КАЙЫРБАЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

## ТІЛДІК ТҰЛҒА – ҰЛТТЫҚ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРІНІСІ

Жұмыста тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажеттілігі сөз болады. Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы екені талдау арқылы көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** тілдік таңба, тілдік тұлға, ұлттық мәдениет.

ОБРАЗ ЯЗЫКА – ВИДЕНИЕ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА

В работе необходимо различать два разных значения при изучении культурной семантики лингвистических символов. Анализ того, является ли язык человеком потребителем не только национального языка, но и национальной культуры.

**Ключевые слова:** лингвистический символ, лингвистическая идентичность, национальная культура.

LANGUAGE – VISION OF CULTURE AND NATIONAL LANGUAGE

In work it is necessary to distinguish two different meanings when studying the cultural semantics of linguistic symbols. An analysis of whether language is a person as a consumer not only of the national language, but also of the national culture.

**Keywords:** linguistic symbol, linguistic identity, national culture.

Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет. Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік.

Тілді тұтынушыда лингвистикалық құзырет, коммуникативтік құзырет, сондай-ақ мәдени-тілдік құзырет болады. Ал тілдік-мәдени құзырет дегеніміз – тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі. Тілдік тұлғаның «автор бейнесі», «көркем бейне», «авторлық тұлға» мәселесінен шығарып талдау Виноградовтан басталады. М.М. Бахтин еңбегінде «автор образы», «авторлық мен», «қаһарман бейнесі» туралы мәселе «көркемдік таным әлемі», «мен», «өзге» ұғымдары арқылы талданады [1].

Жазушының көркемдік әлемі, архетиптік ойлау жүйесі көркем мәтіннің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ғана бейнелемей, тілдік тұлғаның өзіндік сөз мәдениетін де сипаттайды. Бұл арада жазушының көркемдік әлемін бейнелейтін ерекше тіл әлемін, шығармасын түсіну, дұрыс қабылдау оқырманға таныс ассоциация, бейнелер, ұғымдар арқылы, яғни аялық білімі негізінде іске асады. Осылайша құрылған қаламгердің көркем тілі өзіне тән ерекшелік ішкі тәжірибесі мен таным қабілетін, сөз шеберлігін, стилін көрсетеді [2].

Тілдік тұлға тілде бейнеленген ақиқатты қолданып қоймайды, тіл арқылы ақиқаттың өзін рационалды, эмоционалды мақсатта қайта бейнелейді. Ол – өз санасында ақиқатты «тіркеуші» пассив субъекті емес, оны санада қайта жасаушы, модельдеуші қасиетке ие белсенді әрекет иесі.

«Тілдік тұлға» терминін алғаш 1930 ж. В.В. Виноградов өзінің «О языке художественной прозы» деген еңбегінде қолданған. Ғалым: «Памятник – не только одно из произведений коллективного языкового творчества, но и отра-

жение индивидуального отбора и творческого преобржения языковых средств своего времени в целях эстетически действительного выражения замкнутого круга представлений и эмоций. И лингвист не может освободить себя от решения вопроса о способах использования личностью того языкового сокровища, которым она может располагать», – деген еді [3]. Тілдік тұлғаның құрылымдық аспектілері мен компоненттерін былай қарастыруға болады.

Осы мәселеге байланысты ғылыми әдебиетте «тілдік тұлға» және «адамның тілдік үлгісі» деген екі термин қатар қолданылады. Бұлардың бір құбылысты білдіретіні даусыз, бірақ осы арада терминдерді нақтылау қажет.

Осыған қатысты Ю.Н. Караулов өз монографиясында тілді зерттеудің жаңа бағытын ұсынады. Оның ойынша: «Тілді жасаушы, ұстанушы, пайдаланушы адамға назар аудармай, тілдің шегінен аспай, тілдің өзін тану мүмкін емес», – дейді [4]. С. Мұратбековтің қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар. Жазушының: «Дүниенің өткіншілігі кімді болса да ойландыруға тиіс. Сондықтан әркім-ақ адамдар арасындағы осы бір аумалы-төкпелі қарым-қатынасқа, парыз бен қарызға, ізгілікке өз тарапынан үн қосуды мақсат етсе, күнделікті тіршілігіміз әлдеқайда шуақты болар еді», – деген сөзі де осыған саяды.

С. Мұратбековтің әңгімелерінің кейіпкерлері – өмірден өз бақытын өздері іздеген қарапайым еңбек адамдары, егін өсірген дикандар, астық таситын арбакештер, қой баққан шопандар, жер жыртқан механизаторлар, сауыншылар, тіпті шөп қора мен әртүрлі қоймалардың күзетшілері немесе студент жастар, ғалымдар, мұғалімдер т.б. болып келеді.

С. Мұратбеков кейіпкерлері негізінен тағдыр талқысына түсіп, қандай қиыншылықтарға тап болса да адамдық бейнесін, қасиетін жоғалтпайтын, жақсылықтан үміттерін үзбейтін, тағдыр тауқыметіне мойымай, адалдық пен әділдікті баянды етіп, қашанда таза ізгі ниеттерін бойында сақтап қалуға тырысатын өмірге құштар жандар.

Мәтін түзудегі монологтың бір түрі – кейіпкер рөліне көшкен автордың өзі, ішкі монологы ретінде келуі. Мысалы, «Ананың арманы» әңгімесіндегі монолог: «Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын. Өз құрсағынан шыққан үш ұл, бір қыздан өніп-өскен өркеннің өзі кішігірім бір ауыл дерліктей боп қалдық. Ең үлкені менің әкем – Көсембай колхоздың бас бухгалтері, дүниені қалай шайқап жүремін десе де қолынан да, тілінен де келеді; ортаншысы – Әсембай колхоздың маңдай алды шопандарының бірі. Москва, Алматыдағы мәжіліс, көрмелерге жылына үш-төрт барып қайтады; кіші ұлы – Еселбай жоғары оқу орнын, одан кейін аспирантураны бітірген, ғалым деген атақ алуға сүйемқарыс жүрген адам, қазір аудандағы беделді қызметкер, ал кенжесі – Мәржәпия, үш ағасының арқасында маңдайынан ешкім қақпай бұла боп өскен, адуын ерке қыз, жуырда ғана ауылдағы ең көрікті жігітке ұзатылды.

Міне, әжемнің барар өрістері осындай. Ендігі бір аңсайтыны шөбере сүю, тек әттең немерелері кәмелетке толмай жатыр. Немерелерінің ең үлкені – мен, он алтыға биыл ғана толдым. Әрине, он сегізге тола қалған күнде де үйлене қояйын деп жүрген мен жоқ. Бірақ әжемнің жатса-тұрса армандайтыны менің тезірек өсуім». Автордың қай кейіпкерін алсақ та бір толғаныс, бір ой үстінде жүреді. Ой, ішкі ой – жалғыздықтың таптырмас серігі. Кейіпкер өз ойымен өзі, өзімен-өзі сөйлеуге ғана шешім қабылдайды, оны тек өзі шешеді. Жазушы кейіпкер тіршілігін қадір-қасиетіне, үміт-ынтасына, іс-әрекетіне қарай оқиға бойында бейнелейді. Суреткер өмірдің бұралаң жолындағы адам психологиясын, толқуын, тебіренісін сананың үздіксіз күресін, сезім күйін нәзік шеберлікпен суреттейді. Кейіпкердің аузына сөз сала отырып, образ табиғатын, олардың ой-толғаныстары мен құпия сырларын ашу мақсатында ішкі монологке жүгінеді.

Бәрі де бұрынды-соңды көркем шығармаларда суреттеліп жүрген етене таныс жандар. Әже, ұл, немере, келін. Олардың арасындағы қарым-қатынастар да қайшылықтар да шағын көріністік тартыстар да санылық емес. Бірақ, бұл әңгіме өзінің логикалық құрылымымен, оқиғаны құру әдісімен, характерлік қалтарыстарды ашуымен, философиялық астарымен өзге туындылардан оқшауланып тұрады. Сырт көзге әже бақытты жан. Балалары беделді. Ал іштей үлкен күйзеліс бар. Оны немересі кеш аңғарады. Әже өз ұлдарының арасындағы алауыздықты, әрқайсысы өз қамын ойлайтынына, ынтымақтың, шынайы ықыластың жоқтығына налиды. Тек немересі Жеңіспен сырласады. Бітеу жара асқынған дертке айналады. Дерттен көрі ана жанына өзегін жарған төлдерінің, қызы мен келіндерінің қырғи қылықтары жанына тікендей қадалады. Ашық айтпайды. Автор олардың мінездерін баяндап жатпай, бірақ штрихпен аңғартады. Сол штрихтің өзі төбе шашынды тік тұрғызады. Ана әл үстінде. Барлық ұл келіні жанында. Үзіліп барады. Ұлдары көрші бөлмеде көңіл көтеріп, бас жазып, «Ана жырын» айтып отыр. Келіндері әжелерінің қасында. Бәрі жылап, көзіне жас алады. Әсіресе: «Оң қолының білегінен ұстап алдырған Әсембайдың әйелі: Әжетайым-моу!!! – деп булығып еңіреп жіберді. Еңіреп отырып қайта-қайта еңкейіп қолынан сүйгендей болды. Сөйтіп отырғанда оның ар жағындағы Мәржәпия кенет аяғын біреу басып кеткендей баж ете түсті.

– Аулақ әрі, әкел, шешемнің жүзігін, өзім алам, – деді.

– Ей-й, қыз-ау, жәй-інә от-тыр-саң-шау, – деп жылай сөйлеген күйінде Әсембайдың әйелі әжемнің қолына тағы еңкейген. Мәржәпия оны қағып жіберді. Ұмтылып кеп әжемнің қолына өзі жармасты. Бұл тағы да еңкейіп, әжемнің саусағын тілімен жалап, жүзікті ары тартты, бері тартты, бірақ шығара алмады».

Осы көріністі оқығанда қайран ананың көңілі неге мұңлы екендігін, неге көңілі талмағандығын түсінесің. Автор ешқандай түсініктеме бермейді, қызы, келінін қараламайды да. Тіпті, таңсәріде, қаралы қаза үстінде немересі Жеңіс

сыртқа лақтырып жіберген алтын сақинаны қызы мен келіні іздеп жүргенде де қалалық өз кейіпкеріне деген бейтараптық пен салқынқанды арақатынасын жоғалтпайды. Пікір айтумен тұжырымды талғамды, олардың іс-әрекеттеріне деген бағаны оқырманның өз еркіне қалдырады. Тек оң жақта жатқан әжесін көргенде бала: «Әжем, шынында да әппақ боп созылып, ұйықтаған адамша жатыр. Ұрты суалған, қабағында жалғыз мен ғана танитын кейістік бар», – дейді. Әңгіме осымен бітті. Ал одан туындайтын философиялық ой, көркемдік шешім қандай. Бұл оқиғаның барлығын автор неге баланың көзқарасы арқылы баяндайды. Себебі Жеңіс әлі тіршіліктің қилы-қилы тартысына түскен жоқ. Оны дүние-мүлік, атақ-даңқ қызықтырмайды. Демек, жан дүниесі таза, адамгершілік сезімі мол. Автор Жеңіске өз әке-шешесінің, аға-әпкелерінің қатігездігі мен дүниеқоңыздылығын әшкерелеп, өмірдегі қалтарысы мол құбылыстардың себебін түсіндіруге ұмтылады. Оқырманды да соған меңзейді. Жаман мінез жаттан ғана жұқпайды, жақыныңнан да табылады. Өз ортаңның, семьяңның кері әсері де тиеді. Бұл текке Жеңіске айтылмаған. Не соның басындағы оқиға емес, кейіпкердің жеткіншек жасындағы өмір есігін жаңа ашқан жастардың типтік үлгісі. Адамгершілік өз аулаңнан басталады. Қандай да болмасын қатігездікті, бейтараптықты, немкеттілікті, дүниеқорлықты дер кезінде дұрыс бағалауға нұсқайды.

«Шырт ұйқының құшағында жатқан. Бас жағынан дарылдай сөйлеген әкесінің даусы оятып жіберді.

– Әй, Сатай, тұр, балам, барып шананы алып қайт, – деді.

Сатай көзін сығырайтты. Үйдің іші әлі қараңғы екен. Терезеден бұлыңғыр ғана жарық түсіп тұр. Түн ортасынан жаңа ғана ауған мезгіл сияқты. Нағыз тәтті ұйқының шағы да. Бүкіл тұла бойы маужырап ұйып, дәл осы күйде талықсып ұйықтап жата бергісі келеді. Бірақ, ендігі жерде әкесі ұйқы береді дейсің бе? Әнеки, шақырған тауықтай бас жақтан тағы қылқылдай бастады.

– Сатай-ау, таң атты ғой, тұрсаңшы енді, – дейді» (Қылау).

Мінеки, осылай жазушы қаламының астынан қарапайым өрілген сөйлемдер тасасынан жан бітіп, ауыл адамдары өріп шыға бастайды. Қара сөздер тіріліп, ақ парактың беті өмір майданына айнала бастайды.

«Қылау» – табиғаттың түлеуін, жеңіл ғана көмкерілген ақша қарды білдіреді. Ал адамға қаратыла айтылғанда көңілдегі тазалықты, не жүрекке ерекше әсер қалдырған сезімді аңғартады. Сайын Мұратбековтың «Қылау» атты шағын да шырайлы, нәзік сезімге құрылған туындысы осы бір сөздің екі ұғымының тоғысуын, яғни табиғаттың жаңаруымен кішкентай Сатайдың ояна бастаған махаббатын, пән тілегін сыр ғып шертеді. Жарыстырмалы психологизм, табиғат пен адам тағдырын астастыра бейнелеу – әдебиетте ірге тепкен тәсіл. Дегенмен де «Қылаудағы» шендестірудің ерекшелігі өзгеше. Психологиялық

параллелизмді қаламгерлер үлкен оқиғаны шегіне жеткізе отырып, оның күйреуімен не түлеуімен сабақтастыратын. Ал Сайын Мұратбеков домбыраның құлақ күйін қоңыр әуенге келтіріп, Сатайдың бір күнгі сезімін қылаулаған қармен шендестіре суреттейді. Өйткені Сатайдың оянған сезімі – оның өміріндегі алғашқы құлпыруы, оның жүрегіндегі алғашқы із қалдырушы.

Тіршіліктің ыстық көктемі, атты жазы, найзағай-бораны, сүйініш-күйініші алда. Бұл қылаулаған қордай ғана пәк те кіршіксіз сезімі. Сатай мен Рабиғаның тіл қатулары, елегізулері, ашық та бүкпесіз сұхбаты, ізгілік ілтипаты табиғаттың сол бір қылаулаған шағынан аумайды. Көңілдерінде тыныштық та жоқ, бірақ аласұрған сапырылыста байқалмайды. Алгебра оқулығын Сатайға сыйлап тұрып: «Сөйтіп, ендігі жылы бірге оқимыз ба... Байқа, класта қалып қойып жүрме», – деп Рабиғаның күліп тұрып ескертуі арқылы автор олардың өмір жолында әлі талай тоғысарын, табысарын, шынайы ыстық сезімге бөленерін меңзейді. Ол кезде бұл шақ қос жеткіншектің ең қызық дәуренін кешер, не осы арман күйінде қалар, ол белгісіз. Сондықтан да табиғат та аяздатпай, борандатпай, қылаулаған қалпынан айнымайды.

Алып елеуіш құсап себелеп тұрған сұр кенеп аспанға, онан тұмантып меңірейіп тұрған айналаға қарады (Қылау, 168).

«Брр...әй, дәл осы бүгін быт-шыт боп, шанақтарың шашылып, отқа жағылғыр, қу шана-ай...Қай уақыт болды екен?...» (Қылау, 167 б.).

«Өй, жамандатқыр, мынаған не көрініп келеді ей», – деп Сатай әкесінің даусына салып, тізгінді тартып қап, қамшымен борбайлата салып жіберді (169). Мейлі, тауы қаңбақтай, тасы бұршақтай боп, топан суы қаптап-ақ жатсын, тек осы жарық дүниені көрсең болады ғой (Қылау, 169 б.).

Көркем мәтіннен келтірілген осы мысалдардан «ана», «адамгершілік», «табиғат» концептілері туындайды.

Міне, үш әңгіме, үш тағдыр. Үш туында да балалық шақтың бір сәтін қамтыған. Көркемдік шешімі, мегзер ойы, орындалу мәнері, лирикалық толғанысы мен жеке дара. Автордың тектес тақырыпқа баруының және оны үш қырынан көрсетуінің мәнін ұғынып, парасатты ой түйгенін мойындайсың. Қаламгердің басты мақсаты да көркемдік шешімнің оқырманды ойға қалдырып, толқыта білуінде болса керекті.

Тілдік тұлға дегеніміз, ол тілді нақты қолданушының жіктеме белгілерінің жиынтығы емес, аялық білімнің де көрінісі. Ол, сонымен қатар әлемнің тілдік көрінісі негізінде анықталатын суреткердің таным әлемі. Жоғарыда айтылған факторлар негізінде қалыптасқан тілдік тұлға - сөз жұмсау ерекшелігі арқылы көрінетін әлеуметтік, психологиялық және этикалық компоненттердің жиынтығынан тұратын адам. Халқымыздың «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді» деген мақалынан қазақ мәдениетіндегі сөздің құдіретті күшін асыра

бағалайтын ментальдық ерекшелік танылады. Шешендік өнер дарыған тұлға отаншыл, елінің салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білетін ұшқыр ойлы, «орақ ауыз, от тілді» болып келеді.

Ол халқының басынан өткерген мұң-зарын, арман-тілегін, өмірлік құндылықтарын жеріне жеткізе, түйіндей айтып береді. Бұл елге танымал тілдік тұға дәрежесіне көтерілуіне бірден-бір себеп болады. Тілдік тұлға ұлттық тілді ғана тұтынушы емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. «Тілді тұтынушыда лингвистикалық құзырет, коммуникативтік құзырет, сондай-ақ мәдени-тілдік құзырет болады. Ал тілдік-мәдени құзырет дегеніміз – тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған (жазылған) сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі» [5].

Көркем мәтінде ең әуелі қазақтың байырғы сөздерінің орын алатынын байқаймыз. Байырғы сөздер қатарына көне сөздер жатады. Көркем мәтіннен осы күнде қолданыстан шығып қалған көне сөздерді де кездестіруге болады.

Мысалы, «Оған қарағанда Қайрат пен Бәтіннің киімдері тәуір: бірінің үстінде жақында тоқылған жаңа *шекпен* де, екіншісі жүн сырған *күпәйке* киген, аяқтарында жаңа *шарық*» (Зорлық пен қорлық, 132 б.).

Шарық – теріден, тал қабығынан және т.б. арзан заттан лекерлеп жасалған аяқ киім; шәркей. Шоқай – көн теріден бүріп жасалған аяқ киім. (Қазақ сөздігі. 1395, 1413 б.)

– Әлгі Дүрия сорлы қайтер екен енді?

– Е, сорлы боп оны біреу төлеуіне беріп пе?! Өз обалы өзіне, *жаман қардың* (Күз бен қыс, 55 б.). Осы күнде қолданыстан шығып қалған сөздердің бірі қар. *Қар* сөзінің мағынасы осы күнгі қолданыста кездеспейді. Қар сөзі «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде»: «1. Орал, Орда жерінде қаһар мағынасында; 2. Маңғыстау, Атырау өңірлерінде, қар – шаңырақтың шеңбері» болып сипатталған.

Қар сөзінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» былайша берілген: «Қар ир.сын. 1. Жеңіл мінезді, суық жүрісті, жез өкше әйел». Демек, бұл сөз бізге иран тілінен енген.

Көшенің ортасында Тана машинадан түсті де, алды-артына қарамастан, ең болмаса титтей де бір *мезіреті* жасап қайырылмастан, иттен қашқан көжектей зыта жөнелді.

Мезірет сөзінің мәні «Қазақ сөздігінде» беріледі: Мезірет зат. – көңіл білдірудегі ықылас, көңіл аударып, ілтипат көрсету ишараты.

Прозалық шығармаларда диалектілік ерекшеліктер негізінен кейіпкерлердің тілінде қолданылады. Сонымен қатар кейде автор сөзінде қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру, халықтың

болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады. Жергілікті ерекшеліктердің лирикалық поэзияда қолданылуы мен прозалық шығармаларда қолданылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы: «Бұл ма, бұл зәндемі ғой», – деп күліп қойды Күсен (Күсен-Күсеке, 227 б.). Диалектологиялық сөздікте: Зәндемі – алаяқ, қу, залым. Көбінесе Алматы, Жамбыл және оңтүстік аймақтардың диалектісінде қолданылады.

Көркем мәтін тілінде кірме сөздер молынан ұшырасады. Кірме сөздер қатарын орыс, ара-тұра кездесетін неміс және шешен сөздері құрайды. Оларға соғыс кезіндегі ауыл тұрмысына, шаруашылығына және заттық лексикаға қатысты сөздер жатады. Мысалы: *молотилка, сеялка, рычаг, бульдозер, будка, транзистор, лагерь, фар, фуфайка, папирос, мина, сидение, парторг, партия, рекомендаци, устав, комсорг, плащ, колхоз, клуб, партбюро, бригадир, космос, деревня, пенсия, пиджак, джинсы, шляпа, джаз, танкист, вокзал, телефонистка, ватман, чемодан, кружка, магнитофон*, т.б.

Бұл кірме сөздердің көпшілігі орыс сөздері мәтін ішінде тұтас сөйлем арқылы берілгенін көрінеді. Көркем мәтінде тек орыс сөздері ғана емес, неміс, шешен сөздері де ұшырасатынына көз жеткіземіз. Олар шығарманы және ондағы кейіпкерлерді заманына, оқиға жағдайына қарай сөйлете білу талабынан және оқиғаны қызықты да нанымды беруді көздеуден келіп туған десе болады. Мысалы: Екі алақанын жайып Нүсіп шалға:

– *Ху дичь баһа дүс?*.. – деді. Махмұд та күліп жіберді.

– Енді қайт дейсің маған. Қалай етсем жағам, – дейді (Қалың қар, 195 б.).

Кейіпкер тілін зерделеу барысында ондағы ауызекі сөйлеу элементтерінің, жергілікті тіл ерекшеліктерінің (диалектизмдердің) орын алуы, кірме сөздердің, оның ішінде макаронизм деп аталатын бөгде тілдік элементтердің көрінуі деген сияқты жайттарға тоқталу қажет.

Жазушы бұларды әр алуан көркемдік стильдік мақсатта жұмсайды. Айталық, кейіпкерлер тіліндегі диалектизмдер олардың белгілі бір өлке тұрғындары екендіктерін және күнделікті тұрмыста әдеби тілден гөрі сөйлеу тілі нормасын ұстанатындықтарын таныту үшін қолданады. Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макаронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Көркем шығарманың «көркемдік» шарттарының бірі де – осында. Тәсілдің дұрыс қолданылуы – жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады, – дейді Р. Сыздықова [6].

«Кейіпкер тілі – суреткерлік қасиетке мейлінше бай, образ даралау құралы оның экспрессивтілігі (оқырман мен тыңдаушы сезіміне әсер ету қабілеті) мағыналық байлығы мен амал-тәсілдерінің қырынан келіп туады», – дейді [7]. Макаронизм терминіне сөздікте былайша анықтама беріледі: Макаронизм



– сықақ әзіл тудыру мақсатында өздерінің табиғи қолданылуынан өзгертіліп, бұрмалап айтылатын басқа тіл сөздері. Макаронизм кейіпкерлердің шынайы болмысын көрсету үшін жұмсалса, екінші жағынан көркем мәтінге әр беріп тұрады. Мысалы:

– *Нешауа*, өсти-өсти үйренесіндер, – деп қойды Әжібек біздің ұсқынсыз оралған шылымдарымызға қарап (Күз бен қыс, 161 б.).

– Әлгіндегі мұңаюдың, жылаудың ізі де қалған жоқ жүзінде, жайраң қағады.

– *Дабай*, жұмысқа кірісіңдер! – деп бұйырып қойды бізге (Нұғыман, Әжібек, Байдалы, 40 б.)

– Көкеңнен қаралы қағаз кеп, жұрт соны естірткелі үйіңе жиналып отыр, ал сен болсаң *панимайш*, ойнап жүрсің (Тоқтар мен Нәзира, 26 б.).

– Әй, *подумайши*, енді тамағымызды кеберсітпей беретін шайынды берсеңші, – деді апасына өзімсіне шолжаңдап (Құданың «фокусы», 230 б.).

– Әй, бәлі, айтпақшы, ұмытып барады екем-ау, бүгін біздің әйелдің туған күні. Оған сендердің бәрің де *абизәтіліні* баруларың керек, құттықтап. Енді қалай...Біздің Торғекең ренжиді, әйтпесе...(Көкорай, 62 б.).

Дыбыстық өзгеріске ұшыраған орыс сөздері: *кәмөнес*, *біргәдір*, *паишпырт*.

Тілдік тұлға құрылымын анықтайтын жеке-даралық параметрі өзіне ғана тән авторлық қолтаңбасын анықтайтын идеялық көзқарасы, сөз саптауы автор бейнесі, кейіпкер бейнесі арқылы беріледі. Вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі ашыла түседі. Бұл тілдік тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашатын деңгей болғандықтан, кейде «нөлдік деңгей» деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді қолдану ерекшелігі ретінде көрініс табады. Бұл деңгейді жекелік сөз оралымдары мен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологизмдердің ерекшелігінен көруге болады.

Сөйтіп, тілдік тұлға қалыптасуына ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие), ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар), мәдени ақпарат (әдет-ғұрып, салт-дәстүр), рухани сана (дін қағидалары), үлгі тұтатын тұлғалар, озық білім жүйесі, тектілік интеллектісі әр деңгейде әсер етеді. Осы қасиеттерді бойына жиған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілі зерттеу нысанына айналуы да мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрдаулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика: оқулық / Б.И. Нұрдаулетова. – Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2011. – Б. 23.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Б. 34.
3. Виноградов В.В. О теории художественной речи / В.В. Виноградов. – М.: Высшая школа, 1971. – С. 28.
4. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность / Ю.Н. Караулов. – М.: Наука, 1987. – Б. 36.

5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. автореф. / Н. Уәли. – Алматы, 2007. – Б. 16.

6. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы / Р. Сыздық. – Алматы: Ел шежіре, 2014. – Б. 36.

7. Еңсебаева К.К. Қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі / К.К. Еңсебаева. – Алматы, 1999. – Б. 22.

#### REFERENCES

1. Nurdauletova B.I., *Kognitivtik lingvistika. Oqulyq. Almaty, QR ZhOO qauymdastyqy, 2011, 23 (in Kaz).*

2. Mankeeva Zh., *Qazaq til bilimi maseleleri, 34 (in Kaz).*

3. Vinogradov V.V., *O teorii hudozhestvennoj rechi. M. Vysshaja shkola, 1971, 28 (in Russ).*

4. Karaulov Ju.N., *Russkij jazyk i jazykovaja lichnost'. Moskva, Nauka, 1987, 36 (in Russ).*

5. Uali N., *Qazaq soz madenietinin teorijalyq negizderi. Filol. qyl. dokt. diss. avtoref., Almaty, 2007, 16 (in Kaz).*

6. Syzdyq R., *Soz qudireti. Koptomdyq shyqarmalar zhinaqy. Almaty, El shezhire, 2014, 36 (in Kaz).*

7. Ensebaeva K.K., *Qazirgi korkem adebiettegi kejpker tilinin stil'dik qyzmeti. Almaty, 1999, 22 (in Kaz).*

УДК 321.01(574)

### А.Т. ЖИРЕНОВА

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

#### РОЛЬ СЕТЕВЫХ МЕДИА В ФОРМИРОВАНИИ НОВОЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КОММУНИКАЦИИ

В статье раскрывается проблема растущей роли СМИ и новых (сетевых) медиа в политической сфере. «Новые СМИ» начинают приобретать самостоятельную политическую роль, становясь инструментом политических изменений и технологий. Современные инструменты коммуникации на основе новых технологий дают возможность исследователям говорить о новом феномене политических реалий, трансформирующем систему политической коммуникации и политического управления.

**Ключевые слова:** социальные медиа, сетевая демократия, «медиадизации» современной политики.

#### ЖАҢА САЯСИ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЖЕЛІЛІК БАҚ РӨЛІ

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының және саяси ортадағы жаңа (желілік) бұқаралық ақпарат құралдарының артып келе жатқандығы қарастырылады. «Жаңа БАҚ» саяси өзгерістердің құралы бола отырып, саяси өзгерістер мен технологиялардың